

**Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)**



ANTI KOR

**«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ» № 4 ҮЛГІЛІК БАЗАЛЫҚ БАҒЫТЫНЫҢ
ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ
БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Астана қ.
2024 ж.**

МАЗМҰНЫ

1. **№ 1 жоба тапсырмаларының орындалу бағасы**
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау»3-5
2. **№ 2 жоба тапсырмаларының орындалу бағасы**
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау»5-8
3. **№ 3 жоба тапсырмаларының орындалу бағасы**
«Квазимемлекет субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс».....8-10
4. **№ 4 жоба тапсырмаларының орындалу бағасы**
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»10-12

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау» №1 жобаның орындалуын бағалау

Мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне **сыртқы талдау бір жыл бұрын жүргізілген болса, бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізілмейді. Бұл ретте сыртқы талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы бағаланады.*

Тапсырмалардың аяқталғанын растау тәртібі №4 ҮББ орындау бойынша нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) көрсетілген.

Осы жоба 5 тапсырманы қамтиды:

1-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізуге дайындық;

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесін бекіту;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесін бекітпегені үшін жалпы бағалаудан 10 балл шегеріледі.

2-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрықты бекіту;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрықты бекітпегені үшін жалпы бағалаудан 10 балл шегеріледі.

3-қосалқы тасырма: Интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды бастау туралы хабарландыру;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың басталуы жөнінде интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған бөлімшелердің үлесі,.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды бастау жөнінде интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру 100%-ға жеткен кезде 3 балл (әрбір 10% – 0,3 балл) қарастырылған.

2-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізу;

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылаудың басталғаны туралы Интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру;

Бағалау индикаторы: интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаудың басталғанын жариялаған бөлімшелердің үлесі.

Интернет-ресурста, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау басталғаны 100% жариялауға қол жеткізген кезде 3 балл көзделеді (әрбір 10% - 0,3 балл).

2-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаумен қамтылған бөлімшелердің үлесі.

Қамтуға 100 % - 5 балл, 90 % - 4,5 балл (40% – ға дейін 0,5 балл), 40% - дан төмен-0 балл деңгейінде қол жеткізген кезде.

Қоғамдық кеңестің отырысына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін шығару жария талқылау деп танылады.

3-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қоймағаны үшін жалпы бағалаудан 5 балл алу көзделеді.

3-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою;

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының болмауы үшін жалпы бағалаудан 5 балл алу көзделеді.

2-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспарын орналастыру;

Бағалау индикаторы: талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспарының ашық интернет-ресурсында жариялаған бөлімшелердің үлесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында талдамалық анықтаманы және іс – шаралар жоспарын 100% орналастыруға қол жеткізген кезде – 3 балл (әрбір 10% - 0,3 балл).

3-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі;

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылған бөлімшелердің үлесі (%).

100 % - ға жеткенде - 30 балл, 90% - 27 балл, 80% - 24 балл, 70% - 21 балл (әрбір 1% - 0,3 баллмен бағаланады).

Орталық мемлекеттік орган (бұдан әрі – ОМО) үшін бөлімшелер деп орталық аппарат (департаменттер, дербес басқармалар), ведомстволар (комитеттер және олардың аумақтық департаменттері) түсініледі.

Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) үшін бөлімшелер деп облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты (р.м.қ), облыстық/қалалық басқармалар р.м.қ. түсініледі.

•Әрбір анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі 1 баллмен бағаланады.

•Әрбір жойылған тәуекел 2 баллмен бағаланады.

•Әрбір сыбайлас жемқорлық тәуекелін нақты аяқталуына дейін жеткізіле отырып жойғаны үшін, 5 баллмен бағаланады.

4-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізілімін әзірлеу.

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі;

Бағалау индикаторы: бағалауға облыс әкімінің аппараты және орталық мемлекеттік органның орталық аппараты жатады. Төмен тұрған мемлекеттік органдар мен жетекшілік ететін квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізілімін 100% құруды қамтамасыз еткен кезде 5 балл (90% - 4,5 балл, 80% - 4 балл және т.б., әрбір 10% - 0,5 балл) есептеледі, тізілім жасауды қамтамасыз етпегені үшін жалпы бағадан 5 балл алып тастау көзделеді.

5-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық картограммасын жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: Ресми интернет-ресурста сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картограммасындағы ақпаратты өзектендіру;

Бағалау индикаторы: облыс әкімінің аппараты бағаланады. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар» және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізбесі» бөлімдері басқармалар мен аудандар бойынша екі кіші бөлімге бөлінеді.

Әр басқарма мен аудан бөліміне өзекті ақпаратты енгізу 2 баллмен бағаланады;

Мысал: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар» бөлімі «Басқармалар бойынша» → «Ішкі саясат» → Бұл бөлімді жаңарту әкімдікке 2 балл әкеледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау» №2 жобаның орындалуын бағалау

Осы жоба 5 тапсырманы қамтиды:

1-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау (әкімшілік және қылмыстық).

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (әкімшілік және қылмыстық) туралы хабарлама.

Бағалау индикаторы: әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталғаны туралы әрбір хабарлама 3 баллмен бағаланады, қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама 5 баллмен бағаланады.

Орындалуын растау тәртібі №4 ҮББ жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) көрсетілген.

2-тапсырма: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың (әкімшілік және қылмыстық) және мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтардың жасалған фактілеріне мониторинг жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды (әкімшілік және қылмыстық) және мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтарды салыстырып тексеру жүргізу.

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерінің болмауы (ҚСЖАЕК-пен бекітілген не оның аумақтық департаменті салыстыру актісіне сәйкес) 18 баллмен бағаланады. Мемлекеттік орган қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері болған кезде мынадай түрде бағаланады:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерінің саны	Балл саны
1-ден 5-ке дейін	15
6-дан 20-ға дейін	12
21-ден 40-қа дейін	9
41-ден жоғары	6

3-тапсырма: Бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін басшылардың жауапкершілігі талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: Бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту мониторингі.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшыны тәртіптік жауапкершілікке тартпау фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін 3 балл көзделеді.

2-қосалқы тапсырма: Бағыныстылардың сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың басқа лауазымға тағайындалуына байланысты жауапкершілігін қарастырмау фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшының өзге лауазымға тағайындалуына байланысты жауапкершілігін қарамау фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін 3 балл көзделеді.

4-тапсырма: Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілеріне мониторинг жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін 3 балл көзделеді.

5-тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыратын адамдарды анықтау.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін 3 балл көзделеді.

2-қосалқы тапсырма: Мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін 3 балл көзделеді.

3-қосалқы тапсырма: Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілерін әрбір дербес анықтағаны үшін мемлекеттік органға/квазимемлекеттік сектор субъектісіне 3 балл көзделеді.

4-қосалқы тапсырма: Егер мұндай әрекеттер қызметтік өкілеттіктеріне кірсе, материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін оларды қабылдау фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді (әрекетсіздікті) қабылдау фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін мемлекеттік орган/квазимемлекеттік сектор субъектісіне 3 балл көзделеді, мәліметтер ұсынылмаған жағдайда жалпы бағалаудан 5 балл алып тастау көзделеді.

5-қосалқы тапсырма: Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілерін анықтау.

Бағалау индикаторы: шоттарды (салымдарды) ашу фактісін немесе шоттарды (салымдарды) иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактісін әрбір дербес анықтағаны үшін мемлекеттік органға/квазимемлекеттік сектор субъектісіне 3 балл көзделеді.

«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» №3 жобаның орындалуын бағалау

Осы жоба 4 тапсырманы қамтиды:

1-тапсырма: Ақпараттық-түсіндіру жұмыс.

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу.

Бағалау индикаторы: осындай іс-шараларды өткізуді қамтамасыз еткен ұйымдардың үлесі (жалпы саннан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

2-тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттама.

1-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ережені квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесіне (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген) сәйкестілікке келтіру.

Бағалау индикаторы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесіне сәйкестілікке келтірген ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

2-қосалқы тапсырма: КМС субъектінің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

3-қосалқы тапсырма: КМС субъектінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтың бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: қызмет ерекшелігін ескере отырып, ұйым қызметкерлері үшін сондай-ақ жыл сайын жаңартылатын, әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

4-қосалқы тапсырма: КМС субъектінің ішкі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатының бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: ұйымдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты (жалпы санынан%) әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі.

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

5-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

6-қосалқы тапсырма: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтары бойынша ішкі іс-шаралар жоспарының бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтары бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

7-қосалқы тапсырма: Квazимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе болуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжаттың болуын растау.

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе болуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

8-қосалқы тапсырма: Корпоративтік әдеп және мінез-құлық сұрақтарын регламенттейтін құжаттың бар болуын растау.

Бағалау индикаторы: корпоративтік әдеп және мінез-құлық сұрақтарын регламенттейтін құжатты әзірлеп, бекіткен ұйымдардың үлесі (жалпы санынан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

9-қосалқы тапсырма: Ұйымның ресми сайтында 1-8 қосалқы тапсырмаларға сәйкес әзірленген құжаттарды жариялау.

Бағалау индикаторы: ұйымның ресми сайтында 1-8 кіші тапсырмаларға сәйкес әзірленген құжаттар жарияланған ұйымдардың үлесі (жалпы саннан %).

100% көрсеткішке жеткенде - 2 балл, 90 % - 1,8 балл, 80 % - 1,6 балл, 70 % - 1,4 балл, 60 % - 1,2 балл, 50 % - 1 балл (әрбір 10 % - 0,2 балл).

3-тапсырма: ҚР СТ ISO 37001 стандартына сәйкестігін растау.

1-қосалқы тапсырма: ҚР СТ ISO 37001 стандартын енгізу және сертификацияны өту.

Бағалау индикаторы: бір ұйымды сертификаттау үшін бағалау 10 балл көзделеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» №4 жобаның орындалуын бағалау

Бұл жоба 2 тапсырманы қамтиды:

1-тапсырма: Өңір халқы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту.

1-қосалқы тапсырма: Облыс/аудан әкімі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырыстарын тоқсан сайын өткізу;

Бағалау индикаторы: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырыстарын тоқсан сайын өткізу 3 баллмен бағаланады. Аудандық әкімдіктері отырысты өткізбеген жағдайда баллдар осындай отырысты өткізбеген аудандық әкімдіктерінің жалпы саны қатынасымен алынып тасталады (әр 10% -0,3 балл). Мысалы, бір өңірде 20 аудандық әкімдіктер болғанда, олардың 2 (жалпы санынан 10%) тоқсандық отырысты өткізбеген жағдайда өңірден -0,3 балл алынады.

2-қосалқы тапсырма: Өңірде (облыс және аудандар/қалалар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша МӨТ жүзеге асыру».

Бағалауға облыс әкімінің аппараты жатады.

Бағалау индикаторы: облыстың, қалалар мен аудандардың, республикалық маңызы бар қалалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыбына мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен қамтамасыз етілуі (жалпы санының %).

100% көрсеткішке жеткенде - 5 балл, 90 % - 4,5 балл, 80 % - 4 балл (әрбір 10 % - 0,5 балл).

****Бұл тапсырмалар жергілікті атқарушы органдарға арналған.***

2-тапсырма: Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту.

1-қосалқы тапсырма: Ұйымның мемлекеттік қызметшілерінің кемінде 5%-н біліктілікті арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқуға жіберу.

Бағалау индикаторы: осы бөлімде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- жобаға қатысатын мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметшілердің нақты саны;

- бағаланатын жылдағы жоспарлы мән (нақты штат санының 5% тең сан);
- Мемлекеттік басқару академиясында, құқық қорғау органдары академиясында біліктілікті арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқудан өткен мемлекеттік қызметшілердің саны;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту деп мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру шеңберіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша (қайта даярлау шеңберіндегі дәрістер, сондай-ақ біліктілікті арттыру бағдарламаларынан тыс дәрістер бағаланбайды) мемлекеттік қызметшінің өткен дербес курсы/семинары түсініледі.

- мемлекеттік қызметшілерді, құқық қорғау органдары қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда біліктілікті арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқудан өткен мемлекеттік қызметшілердің үлесі (%).

Мемлекеттік қызметшілерді, құқық қорғау органдары қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда біліктілікті арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқудан өткен мемлекеттік қызметшілердің 5 үлесіне жеткен кезде 3 баллға бағалау көзделеді (әр 0,5% 0,3 баллмен бағаланады).

2-қосалқы тапсырма: Мемлекеттік қызметшілер, сонымен бірге мемлекеттік қызметке алғаш түскендер «Documentolog» ақпараттық жүйеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн-курсты өту.

Бағалау индикаторы: мемлекеттік органның жұмыскерлерінің 100% оқудан өтуді қамтамасыз етуі 10 баллмен бағаланады (90% - 9 балл, 80% - 8 балл және т.б., әр 10% - 1 балл).

3-қосалқы тапсырма: Әдеп жөніндегі уәкілдердің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ай сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу.

Бағалау индикаторы: атқарылған жұмыс жөнінде ақпаратты есеп нысанында ұсыну (Нұсқаулыққа №5 қосымша). Бір іс-шараны өткізу 2 баллмен бағаланады. Бір ай ішінде максималды баға –10 балл (5 іс шара).

4-қосалқы тапсырма: Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілермен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруы.

Бағалау индикаторы: атқарылған жұмыс жөнінде ақпаратты есеп нысанында ұсыну (Нұсқаулыққа №5 қосымша). уәкілдердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілердің әрқайсысымен профилактикалық жұмысты өткізу 1 баллмен бағаланады. Бір ай ішінде максималды баға –10 балл.

3-тапсырма: Құқықтық насихаттауды жүргізу.

1-қосалқы тапсырма: ҚР Әділет министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес құқықтық насихаттау бойынша іс-шараларды жүргізу.

Бағалау индикаторы: Азаматтар мен кәсіпкерлерге олардың құқықтарын, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін және белгілі бір өмірлік жағдайларында әрекет тәртібін қысқа және түсінікті тілде түсіндіру.

Есеп нысанында жүргізілген іс-шаралар жөнінде ақпаратты көрсету (Нұсқаулыққа №6 қосымша) 10 баллмен бағаланады.

Түсіндірме іс-шараны әлеуметтік желілерде, басқа да интернет-ресурстарда жариялау арқылы масштабтау үшін 5 балл беріледі, 1000 және одан да көп қарауларды қамтуды қамтамасыз ету 10 баллмен бағаланады.